

Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй-жайларын жалға беру және пайдаланғаны үшін өтемақы алу

Күшін жойған

Астана қаласы әкімиятының 2002 жылғы 28 наурыздағы N 3-1-516п қаулысы. Астана қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 11 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 186. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы N 06-178 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 06.02.2012 N 06-178 қаулысымен (қаулының мемлекеттік тілдегі мәтіні РҚАО-ға түспеген).

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 200, 201-баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" заң күші бар Жарлығының 19, 20, 21, 22-баптарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабы негізінде, Астана қаласының әкімияты

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй-жайларын жалға беру және пайдаланғаны үшін өтемақы алу" қағидасы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Тұрғын үй-жайларын жалға беру шарты 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары С.С. Есіловке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі

Визалар:

Б Е К І Т І Л Г Е Н

А с т а н а қ а л а с ы ә к і м і н і ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 8 н а у р ы з д а ғ ы
N 3-1-516п қаулысымен

Ескерту. Мемлекеттік тілде Қағиданың мәтіні өзгеріссіз қалдырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2008.11.07 N 17-1277қ (жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның шаруашылық құқығындағы мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының

тұрғын үй-жайларын жалға беру тәртібі және пайдаланғаны үшін өтемақы алу туралы ҚАҒИДАСЫ

Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының шаруашылық құқығындағы мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй-жайларын жалға беру тәртібі және пайдаланғаны үшін өтемақы алу туралы осы қағида (әрі қарай - Қағида), ҚР Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, ҚР Үкіметінің 02.09.99 жылғы N 1292 қаулысымен және басқа нормативтік құқық актілерімен бекітілген, ҚР мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын үй-жайларын беру, жалға беру және пайдалану тәртібі туралы Нұсқамаға сәйкес жасалды және тұрғын үй-жайлар беру, сондай-ақ тұрғын үй-жайларды пайдаланғаны үшін өтемақыны есептеу тәртібін белгілейді.

1. Негізгі түсініктер мен қағидалар

1. Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының иелігіндегі және коммуналдық құқығындағы тұрғын жайларға осы қағиданың күші таратылады.

2. Жергілікті атқарушы орган коммуналдық меншік түріне жататын тұрғын үйлерге және жайларға жататын кондоминиум объектілерін бірігіп басқару үшін кондоминиумға қатысқан және бекітілген иелердің бірлестігі мүшесі болып мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын атынан иелердің бірі болып саналады. Кондоминиум объектісін басқаруға қатысуды жалдаушыға МКК басшысы р е с і м д е й д і .

3. Осы қағидада мынадай түсініктер пайдалануда:

Шаруашылық иелену құқық - мемлекеттен ие ретінде мүлікті алған мемлекеттік кәсіпорынның мүлік құқығы болып саналады және "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Заңының күші бар ҚР Президентінің Жарлығымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және мүлік иесінің рұқсатымен осы мүлікпен иелену, пайдалану құқығы, басқа заңдылық актілерінің бекітілген шегінде жасалады;

Тұрғын жай - бекітілген техникалық, санитарлық және басқа міндетті талаптарға жауап беретін, тұрақты тұруға арналған және пайдаланатын бөлек тұрғын бірлігі (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханада бөлме);

Тұрғын жай - мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның иелігінде, мемлекет меншік құқығындағы және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның шаруашылық құқығына тапсырылған тұрғын жайлар;

Тұрғын жайды жалға беру - тұрғын жайды беру немесе оның жартысын

жалдаушыға өтемақыға тұрақты немесе уақытша пайдалануға беру;

Тұрғын жайды жалға беру шарты - оған сәйкес жалға беруші тұрғын жайды немесе оның жартысын уақытша немесе тұрақты пайдалану және иелену құқығына сәйкес шарт:

Жалға беруші - тұрғын жайдың иесі немесе оның иелігіндегі тұрғын жайды жалға беру жағы;

Жалдаушы - тұрғын жайды немесе оның жартысын тұрақты немесе уақытша тұрғын жайды жалға алатын жағы;

Коммуналдық қызмет - тұрғын үйде берілетін және су жабдықтау, канализация, газ, электр, жылу жабдықтау, қоқыс шығару және лифтіге қызмет жасау;

Тұрғын жайға шығындар - тұрғын үйдің ағынды және күрделі жөндеу жұмыстарына, пайдалануға, сондай-ақ жер учаскесін күтуге қажетті өтемақы сомасы.

4. Мүлік иесінің келісімі бойынша мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының әкімшілігінің иелігіндегі мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй-жайларын жалға беру құқығы.

5. Алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2008.11.07 N 17-1277к (жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының шаруашылық құқығындағы мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй-жайларын жалға беру нормасы

6. Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының шаруашылық құқығындағы мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй-жайлары өтемақыға азаматтардың уақытша және тұрақты тұруына арналған және белгіленген техникалық, санитарлық және басқа міндетті талаптарға жауап беретін жағдайда болуы қажет.

7. Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының азаматтарға берілетін жатақханалардың тұрғын үй-жайларының және тұрғын үйлердің пәтерлерінің тұрғын алаңының нормасы қолданылудағы заңдылыққа сәйкес белгіленеді.

3. Тұрғын жайды жалға алу өтініштерді (қолдау хат) қарау

8. Түскен өтініштерді жалға беруші 30 күн мерзімде жалпы негіздерде қарастырады. Белгіленген мерзім өткен соң қабылданған шешім туралы.

9. Тұрғын жайға ие мемлекеттік коммуналдық кәсіпорында тұрғын үй комиссиясы құрылады, келесі құжаттар болған жағдайда өтінішті (қолдау хатты)

қ а р а с т ы р а д ы :

Тұрғын жай жалдаушының отбасы мүшесі деп басқа азаматты қабылдау жайлы мәлімет беру комиссияның құзырына енеді.

10. Жалға берушінің тұрғын үй комиссиясының шешімі негізінде мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын әкімшілігінің шешімімен өкілді органның келісімі бойынша мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның иелігіндегі тұрғын жайды бер у р е с і м д е л е д і .

Тұрғын үй комиссиясының шешімі 2 данада құрылады, оның біреуі тұрғын үй комиссиясында сақталады, екіншісі МКК-ның әкімшілігіне тапсырылады.

МКК иелігіндегі тұрғын жайды беру туралы мемлекеттік кәсіпорынның шешімі 3 данада құрылады, оның біреуі МКК әкімшілігінде сақталады, екіншісі өкілді органға тапсырылады, үшіншісі өтініш жазушыға беріледі және тұрғын жайға еруге құқық беретін жалғыз құжат болып саналады.

4. Жалға беру шартын ресімдеу тәртібі

11. Жалға берушінің тұрғын жайды жалға беру туралы шешімді қабылдаған соң 30 күн үшінде жалға беру шарты жасалады және қосымшаға сәйкес тұрғын жайды қабылдау-тапсыру актісі бойынша тұрғын жайды беру жасалады.

12. Жалдаушы жалға беру шартын жасаған және тұрғын жайды қабылдаған күннен бастап тұрғын жаймен пайдаланғаны үшін ақы төлейді.

13. Инфляция индексіне сәйкес жалға алғаны үшін өтемақы көлемін қайта қарастыру туралы қағида жалға беру шартында болуы қажет.

5. Объектіні жалға тапсыру тәртібі

14. Тұрғын жайды тапсыру жалға берушінің актісі бойынша өкілді органдардың өкілдерімен жасалады, онда келесі белгіленеді:

актіні жасаған, берген жері және күні белгіленеді;

жақтардың аты-жөні, реквизиит құжаттары белгіленеді;

жалға беру шартының номері және күні белгіленеді, оған сәйкес тұрғын ж а й д ы т а п с ы р у ж а с а л а д ы ;

табылған жарамсыздықтар тізімдемесімен тұрғын жайдың санитарлы-техникалық жағдайы белгіленеді;

ж а қ т а р д ы ң қ о л д а р ы .

15. Тапсыру-қабылдау актісі екі данада жасалады, оның біреуі Жалға берушіде сақталады, екіншісі - жалға алушыға беріледі.

16. Жалға беру шартына қол қойған күннен кейін 5 күн аспайтын мерзімде жалға беруші тұрғын жайды тапсыруға міндетті.

6. Тұрғын жаймен пайдаланғаны үшін өтемақының есебі

17. Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдалану үшін ақыға уәкілетті орган белгілеген жалға беру ақысы, сондай-ақ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының шығындары кіреді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2008.11.07 N 17-1277қ (жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

18. Тұрғын жаймен пайдаланғаны үшін өтемақыға тұрғын жайды күтуге шығындар, коммуналдық қызметіне төлемдер енбейді.

19. Алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2008.11.07 N 17-1277қ (жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7. Жалға беру шарттарын пайдалануын бақылау

20. Жалға беру шарттарының орындалуын бақылауды жалға беруші жасайды.

21. Тұрғын жайды жалға алғаны үшін түскен ақыны бақылауды аумақтық салық органы жасайды.

22. Бюджетке салық емес түсулер прогноздарының орындалу бойынша ақпаратты жалдаушы ай сайын коммуналдық меншік басқармасына тапсырады.

8. Келіспеушіліктерді шешу

23. Осы ережемен реттелмеген мәселелер бойынша жалға алу шартының жақтары ҚР қолданылудағы заңдылықтарының нормаларын басшылыққа алады.

24. Табылатын келіспеушіліктер жақтардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қарастырылады.

"КЕЛІСІЛДІ"

Астана қаласы

Тұрғын үй департаментінің
бастығы

"КЕЛІСІЛДІ"

Астана қаласы

коммуналдық меншік

басқармасының бастығы

" Б Е К І Т І Л Г Е Н "

Астана қаласы әкімінің

2002 жылғы 28 наурыздағы

N 3-1-516п қаулысымен

N _____

мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй-жайларын жалға беру шарты

Астана қаласы 200__ж. "___" _____

Жалға беруші _____

колданыстағы Жарғы негізінде (тіркеу номері _____) директор атынан _____

және азамат _____

200__ж. _____ N _____ ҚР ИМ берген жеке куәлік, әрі қарай Жалдаушы, келесі туралы осы Шарт жасалды:

1. Шарттың мазмұны

1. Жалға беруші Жалға алушыға және оның отбасы мүшелеріне, мына мекен-жайдағы: Астана қаласы _____ көшесі, _____ үйдің, пайдалы алаңы _____ ш.м., N _____ пәтерін жалға береді (уақытша иелену және төлемақыға пайдаланады), тұрғын үй-жайдың мінездемесі қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген.

2. Мемлекеттік тұрғын жайға (бөлме, пәтер) тариф белгіленген, оны күту, коммуналдық және т.б. қызметтер, сондай-ақ Жалға берушінің беретін төлемақы құжаттарында Жалдаушының енгізетін ай сайынғы басқа төлемақыларының мөлшері көрсетілуі қажет.

2. Есеп жүргізу тәртібі

3. Тұрғын жайға (пәтер, бөлме) төлемақы айына _____ теңге құрады, сонымен қатар тұрғын жайды жалға алғаны үшін төлемақы ай сайын _____ теңге құрады.

4. Шарт бойынша барлық есеп келесі тәртіппен жасалады:

1) Жалдаушы шарт жасаған күннен бастап тұрған бір айға толық көлемінде алдын ала төлемақы енгізуге міндетті.

2) Жалдаушы есеп алған мерзімінен кейін келесі айдың кейінгі төлемақыларын айдың 5-і күнінен кешіктірмей төлеуі қажет. Төлемақы мерзімін сақтамағанға әр күннің төлемақы сомасынан көлемі 0,1% пеня есептеледі.

5. Жалдаушының тұрғын жаймен, инженерлік жүйесімен және жалпы пайдаланудағы орындарды дұрыс пайдаланбай, техникалық мінездемесі құртылса, сынса, зиян келсе, тұрғын жайдың бұзылған элементтеріне келтірген зиян көлемінде айыпты Жалға беруші есептейді, Жалдаушы төлейді.

Пеня, айып есептеу жақтарды оған жүктелген міндеттерден және бұзушылықтарды жоюдан босатпайды.

6. Шарт бойынша бір айдан артық төлемақысы болмаса, Жалға беруші сот талқылаумен байланысты барлық шығындардың орынын толтырып Жалға алушыдан төлемақыны қыстап талап ету туралы өтінішпен сотқа өтінуге қ ұ қ ы қ т ы .

7. Тұрғын жайды жалға бергені үшін шығындарды, пайдалануға шығындарды , тарифтерді көбейтуге, салық төлемдері және т.б. бөлек есептерге өзгеріс енгізуге құқықты Жалға беруші өзіне қалдырады.

3. Жақтардың құқықтары

8. Жалға беруші құқықты :

1) Жалға алушыдан және оның бөлінген тұрғын жайында тұрып жатқан отбасы мүшелерінен тұрғын жаймен, жалпы пайдаланудағы орындармен, тұрғын үйлерді және үй маңайларын күту, пайдалану ережесін сақтауды талап етуге.

2) Жалдаушының және жалдаушының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің қатысуымен және келісім бойынша тұрғын жайдың және қойма жайлары конструкция және тұрғын техникалық жабдықтарының жағдайын тексеруге.

3) ҚР "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңымен және осы шартпен қарастырылған негіздерде және тәртіппен осы шарт бұзылады.

4) Егерде Жалдаушы және онымен бірге тұрып жатқандар тұрғын жайды бұзса немесе жайды басқа мақсатпен пайдаланса, төлемақыны үш айдан артық төлемесе және т.б. ҚР "Тұрғын үй қатынастары туралы" және РҚ АҚ қарастырған жағдайларында басқа жай бермей сот арқылы шығарылады.

5) Осы шарттың 5-баптарына сәйкес Жалдаушыға айып салынады.

9. Жалдаушының құқығы :

1) Қолданылудағы заңдылыққа сәйкес тұрып жатқан жайына келесі отбасы мүшелерін енгізсін: _____

2) Жалдаушы және оның отбасы мүшелері мерзімі үш айға кеттім деп жазбаша түрде Жалға берушіге ескерту жазса және үйдің жөндеу жұмыстарына, қызметіне және осы мерзімге тұрғын жайды күтуге байланысты тұрғын үй-коммуналдық қызметіне ақы төлесе тұрғын жаймен пайдалану құқығы са қ т а л а д ы .

3) Уақытша жалдаушы жоқ болса да 9-тармағы 1) тармақшасына сәйкес тұрғын жайда тұрып жатқан Жалдаушының отбасы мүшелері бұрынғы жағдайлармен тұрғын жаймен пайдалануға құқықты. Олар осы шарттағы міндеттерді және құқықты жүзеге асырады.

4) Жалға беруші қажет болса берілген тұрғын жайды жоспарсыз тексеруді жалдаушыдан талап етуге: конструкцияларын және техникалық жабдықтарын тексеру актісін жасап .

5) Осы шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттерді орындайтын Жалдаушы жаңа мерзімге жалға беру шартын жасауға артық құқылы.

4. Жақтардың міндеттері

10. Жалға беруші міндетті:

1) Жалдаушыға тұрғын жайды техникалық, санитарлық және т.б. міндетті талаптарға сай беруге.

2) Тұрғын үйлерді және үй маңайларын күту және пайдалану ережелеріне және белгіленген талаптарына сәйкес, жалға берілетін тұрғын жайдың техникалық жағдайын және күтуін жүргізуге.

3) Осы тұрғын пунктіне сай тұрғын үй-коммуналдық толық қызметін көрсетуге.

4) Жалдаушыны оның талабы бойынша тарифтармен және тұрғын жайды күту және коммуналдық қызметіне есептерімен таныстыруға.

5) Егер де тұрғын жай жақтарға қатысты емес жағдай бойынша мақсатты пайдалану үшін келмесе, апат жағдайда болса немесе бұзуға жатса Жалға беруші үш ай мерзімде Жалдаушымен басқа тұрғын жайға жалға беру шартын жасауға немесе Жалдаушының еркі бойынша осы шартты бұзуға міндетті.

6) Апат болған жағдайда оны жоюға қажетті шаралар қолдануға.

11. Жалдаушы міндетті:

1) Тұрғын жайды мақсатты пайдалануға, егер де осы шарт бойынша басқа ерекше жағдайлар туралы сөз болмаса.

2) Тұрғын жайдың техникалық және санитарлық жағдайын жөндеп ұстауға, өз есебінен ағынды жөндеу жұмыстарын жасауға, жыл сайын жылу мерзіміне дейін терезелерді, балкон және тұрғын жайдың кіреберіс есіктерін қысқы мерзімге жабу.

3) Тұрғын жайлармен, жалпы пайдаланудағы орындармен пайдалану, тұрғын үйлерді және үй маңайын күту ережесі, өртке қарсы және техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауға.

4) Жалға берілген тұрғын жайдың су есептегіш, жылу, электрэнергиялары жүйелерінің құралдарының табылған бұзушылықтары туралы уақытылы Жалға берушіге хабарлауға міндетті.

5) Тұрғын жайды қайта жабдықтамауға, қайта жоспарламауға.

6) Басқа жалдаушылармен тұрып жатқан тұрғын жайды айырбастауға.

7) Тұрғын жайларды үймеуге, атылатын, токсикалық, өрт қауіпті заттарды сақтамауға.

8) Осы шарттың жағдайларына сәйкес пайдаланған коммуналдық және т.б. қызметтер, тұрғын жайды жалға алғаны үшін, күтуі үшін белгіленген көлемде төлемақы енгізуге.

9) Тұрып жатқан пәтеріне күндізгі уақытта, апат жағдайда түнгі уақытта

тұрғын жай элементтерін қарап, жөндеу үшін Жалға берушінің және тұрғын жайға қызмет көрсететін және жөндеу жұмыстарын жасайтын өкілдерін және жұмыскерлерін кіргізуге.

10) Тұрғын жайды, жалпы пайдаланудағы орындарды, тұрғын үйді және оның құралдарын бұзуға байланысты, егер де Жалдаушының және онымен бірге тұрып жатқандардың кесірінен болған жағдайда шығындар көлемін белгіленген тәртіппен Жалға берушіге қайтаруға.

11) Жалдаушының уақытша жоқ болуы осы шарт бойынша міндеттерін орындаудан босатпайды.

5. Жалға беру шартын жасау негізі

12. 200__ ж. "____" _____ N _____

_____ шешімі осы шартты жасауға негіз болып саналады.

6. Шартты тоқтату негізі, аяғы және тәртібі

13. Шарт өз күшін келесі жағдайларда жоғалтады:

1) Жақтармен белгілеген мерзім өткен соң (шарттың 11 тармағы).

2) Егерде Жалдаушы осы шарттың 2 тармағын сақтамаса мерзімі аяқталмай, Жалға берушінің талабы бойынша, сондай-ақ ҚР "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңымен қарастырған негіздер және жағдайлар бойынша шартты бір жақты тоқтату мүмкін.

3) Жалдаушының және оның отбасы мүшелері басқа мекен-жайға тұрақты тұруға кетуге.

14. Шартты тоқтатқан немесе бұзған жағдайда Жалдаушы және онымен бірге тұрып жатқан адамдар басқа тұрғын жай бермей, егер де ондай ҚР "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңымен қарастырылмаса шығаруға жатады.

15. Тұрғын жайдың конструкцияларына зақым келтірмей алынбайтын тұрғын жайды жақсартуға Жалдаушының өз қаржы есебінен жұмсағандары Жалға берушіге тұрғын жаймен бірге тапсырылады және жалға беруші жағынан қайтаруға жатпайды.

16. Шартты тоқтатып, бұзғанда тұрғын жайды Жалдаушыдан Жалға берушіге тапсырғанда тапсыру актісі Екі жақтың өкілдерінің қатысуымен жасалады.

17. Әр жақтардың ықласы бойынша әр уақытта кемінде бір ай бұрын басқа жақты жазбаша түрде ескертіп шарт тоқтатылады.

18. ҚР "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 107 бабы негізінде бұзылған шартты қайта жасауға болмайды.

7. Тұрғын жайды қабылдау-тапсыру мерзімі және тәртібі

19. Шешімге құзырлы органның қолы қойылған соң және осы жалға беру шарты жасалған соң үш күн мерзімде қабылдау-тапсыру актісі бойынша Жалға беруші тұрғын жайды Жалдаушыға тапсырады.

20. Тұрғын жайды тапсыру актісі бойынша шартты бұзған соң, тоқтату мерзімінен бір күн өткен соң Жалдаушы Жалға берушіге тұрғын жайды тапсырады.

21. Екі жақтың уәкілетті өкілдерінің қатысумен тұрғын жайды тапсыру-қабылдау актісі және тұрғын жайды жалға беру актісі жасалады және шарттың ажырағысыз бөлігі болып саналады, және акт жасаған кездегі оның басқа мінездемесін тұрғын жайдың санитарлық, техникалық жағдайын қадағалайды.

8. Жақтардың жауапкершілігі

22. ҚР заңдылығымен белгіленген тәртіппен осы шартпен қарастырылған міндеттерді орындамауына байланысты келтірген материалдық зиянды Жалға беруші Жалдаушыға қайтарады.

23. Тұрғын жай Жалдаушының кесірінен бұзылса жауапкершілік Жалдаушыға жүктеледі.

9. Жалпы талаптар

24. Осы шартты орындағанда жақтар арасында болған келіспеушіліктер ҚР заңдылығымен белгіленген тәртіппен шешіледі.

25. Осы шарт екі данада құрылған, бір күші бар, Жалдаушыда және Жалға берушіде сақталады.

26. Жалға беру шартының ажырағыс бөлігі болып саналады: жалдаушыға берілетін тұрғын жайдың қабылдау-тапсыру актісі; жалға берушіге тұрғын жайды тапсыру актісі.

27. Осы шарт жазбаша түрде жазылып және екі жақтың қолдары қойылса ғана барлық өзгерістер және толықтырулар жарамды.

10. Шарттың ерекше жағдайлары

28. Жалдаушы Жалға берушінің келісімі бойынша келесі жағдайларды атап өтеді
шарт: _____

11. Шарттың қолдану мерзімі

29. осы шарт 200__ж. " __ " _____ мерзіміне құрылған.

Жалға беруші _____ Жалдаушы _____

М.О.

Шарттың жағдайымен танысқан:

Жалдаушының отбасы мүшелері:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК